

**ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ**  
**"СЕНІМЕН БОЛАШАҚ"**  
**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІК**  
**ЖӘНЕ**  
**«ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ МӘШҮР ЖҮСІП АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ**  
**ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ КММ »**

Павлодар қ.

«29» Желтоқсан 2022ж.

Бұл Өзара ынтымақтастық туралы Меморандум:

**"Сенімен Болашақ" РҚБ** атынан Жарғының негізінде әрекет ететін Павлодар облыстық филиалының басшысы **Жанарыс Хызыр**, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Павлодар қ., Луначарский к–сі, 6/2-үй және «Мәшһүр Жүсіп атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің басшысы **Айнұр Бекбаева Тлгенқызы** Заңды мекен жайы: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Павлодар қаласы Камзина 62/1, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар", ал жеке-жеке "Тарап" деп аталатын төмендегі өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды:

**1 БАП. МЕМОРАНДУМ МАҚСАТТАРЫ**

1.1. Осы Меморандум шеңберінде тараптар өзара ынтымақтастық және кооперация тетіктерін келесі тәсілдермен дамытады:

- Өскелең ұрпақты тәрбиелеу және білім беру саласында адами капиталды дамытуға ықпал ету;
  - Отбасы институтын насихаттау, отбасылық құндылықтарды нығайту және отбасылық дәстүрлерге баулу бойынша бірлескен жұмыстарды ұйымдастыру;
  - Ата-аналар қоғамдастығы арқылы саналы ата-ана мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдесу;
  - Бірлескен білім беру және кәсіби іс-шараларды (форумдар, курстар, конференциялар, семинарлар, көрмелер және т. б.) ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ үшінші тұлғаларды осыған ұқсас іс-шараларға тарту және/немесе өзара мүдделерін білдіру;
  - Бірлескен ғылыми-зерттеу бастамалары мен әлеуметтік жобаларды іске асыру;
  - Тараптардың құзыреті шеңберінде өзара ұйымдастырушылық, консультациялық және ақпараттық-талдамалық қолдау;
  - Кампаниялар өткізу, редакциялық материалдар мен әлеуметтік желілерде ескерту жасау, сондай-ақ тараптардың келісімі бойынша логотиптер мен фирмалық атауларды өзара пайдалану арқылы брендтің өзара танылуына ықпал ету;
- Тараптардың құзыреті шеңберіндегі ынтымақтастықтың өзге де нысандары.

## **2 БАП. ПРИНЦИПТЕРІ**

- 2.1. Тараптар осы Меморандум шеңберінде Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелеріне және Тараптың ішкі актілеріне сәйкес адал ынтымақтасатын болады
- 2.2. Осы Меморандум әрбір тарапқа тең құқықтар мен міндеттер береді.
- 2.3. Осы меморандум тараптарды қандай да бір заңды немесе қаржылық міндеттемелермен байланыстырмайды және құқықтық қатынастар туындауы үшін Тараптардың жеке келісімдер жасасуы талап етіледі.
- 2.4. Осы Меморандумға қатысты Тараптардың ешқайсысына екінші Тараптың міндеттемелері немесе борыштары бойынша ауыртпалық салынбайды және Тараптардың ешқайсысы тиісті жекелеген келісімдер жасаспай екінші Тараптың атынан әрекет етпейді.
- 2.5. Тиісті келісімдерді қоспағанда, әрбір Тарап осы меморандумның шарттарын орындау кезінде туындайтын шығыстарын өз тарапынан көтереді.
- 2.6. Осы Меморандум алдын ала шарт болып табылмайды және қаржылық немесе заңды міндеттемелерге әкеп соқпайды.
- 2.7. Осы Меморандум эксклюзивті болып табылмайды және Тараптар басқа заңды тұлғалармен нысанасы, қолданылу саласы және шарттары бойынша ұқсас келісімдер жасасуға құқылы. Тараптар өз қызметінде контрагенттерді таңдаудың толық еркіндігін пайдаланады.
- 2.8. Нақты жобалармен жұмыс оларды жазбаша түрде жасаған және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда жарамды жекелеген келісімдермен қосымша айқындалады.
- 2.9. Осы Меморандум мемлекеттік және орыс тілдерінде, Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден тең заңды күші бар екі данада жасалды.

## **3 БАП. ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ФОРМАЛАРЫ**

- 3.1. Ынтымақтастық саласына қатысты олардың иелігіндегі ақпараттық материалдармен алмасу (Тараптардың бір-біріне хабарламалар жіберуі, Тараптар өкілдерінің кездесулерін ұйымдастыру және т.б. арқылы).
- 3.2. Тараптардың қызметіне қатысты және өзара мүддені білдіретін мәселелер бойынша консультациялар.
- 3.3. Осы Меморандумның мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған бірлескен іс-шараларды (бағдарламаларды әзірлеуді) жоспарлау.
- 3.5. Бірлескен комиссияларды, комитеттерді, жұмыс топтарын, өзге де консультативтік, сарапшылық және өзге де органдарды құру және олардың қызметін қамтамасыз ету.
- 3.6. Тараптар ынтымақтастығының мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған шарттар (келісімдер) жасасу.

#### 4 БАП. МЕМОРАНДУМНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ, ОНЫ ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ БҰЗУ ТӘРТІБІ

- 4.1. Осы Меморандум қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және Тараптардың бірі Меморандумның қолданылуын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жібергенге дейін қолданылады;
- 4.2. Осы Меморандумды Тараптардың әрқайсысы басқа Тарапқа 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын алдын ала жазбаша хабарлама жіберу арқылы кез келген уақытта бұза алады.
- 4.3. Осы Меморандумға ешқандай өзгерістер, модификациялар немесе толықтырулар, егер олар жазбаша нысанда жасалмаса және екі Тараптың уәкілетті өкілдері тиісті түрде қол қоймаса, жарамды болып табылмайды.

#### 5 БАП. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 5.1. Тараптар арасында туындаған келіспеушіліктерді жою екі жақты келіссөздер арқылы шешіледі.
- 5.2. Осы Меморандумға енгізілетін өзгерістер жазбаша нысанда Тараптардың тиісті қолдарымен рәсімделген жағдайда жарамды болып табылады.

#### 6 БАП. ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ:

«СЕНИМЕН БОЛАШАҚ» РҚБ  
ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ  
ФИЛИАЛЫНЫҢ БАСШЫСЫ

«ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ  
МӘШҮР ЖҮСІП АТЫНДАҒЫ  
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН  
МЕКТЕБІ КММ »

*[Signature]*



Жанарыс Х.



Бекбаева А.Т